ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Ертең, шілденің 20-сы күні, Семей қаласында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Семей қаласының әкімшілігі мен Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, отаршылдық езгіге қарсы батыл үн қатқан атақты ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция өтпек. Бұл үлкен ғылыми мәслихатта Дулат ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы белгілі ғылым һәм әдебиет қайраткерлері ой толғап, кең ауқымда пікірлерін ортаға салады. Біз осы конференцияда негізгі баяндама жасағалы отырған көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайтану және жаңа әдебиет бөлімінің меңгерушісі, академик Зәки АХМЕТОВТІҢ мақаласын жариялап отырмыз.

Зәки АХМЕТОВ

ЕЛДІКТІҢ ЖЫРШЫСЫ, ЕРКІНДІКТІҢ ЖОҚШЫСЫ

Туғанына 200 жыл толып отырған Дулат Бабатайұлы XIX ғасырдың басында 1802 жылы дүниеге келді, яғни ол осы ауыртпалығы да зор, өзгерісі де мол ғасырмен құрдас болды, заман ағымын, елдің жайын, бұрынғы еркін дәуірдің өткендігін, патша үкіметінің отарлау саясатының үстемдігін есейген кезінен бастап-ақ көріп-білді. Қазақ қоғамының өміріндегі ең үлкен бір өзгеріс — ғасырдың бас кезінде, 1824 жылдан бастап патша үкіметі сахарадағы ел билеу жүйесін — хан билігін ресми түрде жойып, оның орнына қазақ жерін округтарға бөліп басқаратын аға сұлтанның билеу тәртібін енгізген болатын. Тек ішкі Бөкей ордасында ғана хандық ақ патшаға бағынышты түрде тағы жиырма жылдай сақталып келді. Түгелдей алғанда қазақтан шыққан ел билеушілердің билігі шектеліп, ақ патшаның үстемдігі әбден күшейді. Ел жақсы қонысынан, жайлауынан айырылып, ығыстырылды. Дулат, міне, осы бір жаңа тарихи кезеңнің жыршысы, елдің еркіндігін шектеген отаршылдықтың сыншысы, елдіктің, қолдан шығып бара жатқан еркіндіктің жоқшысы, жаршысы болды. Дулаттың ұлылығы да осында еді. Сонымен қатар өз дәуірінің перзенті, өз заманының жыршысы болған ұлы ақынды толық танып бағалаудың қиындығы да осыған байланысты болды.

Дулаттың тарихтағы, қазақ әдебиетіндегі орны, оның әдеби мұрасының маңызы, қоғамдық мәні үнемі дерлік идеологиялық тұрғыдан сыңаржақ бағаланып келді.

Кеңес дәуірінде патша үкіметінің саясатын сынауға жол берілген кездерде Дулат шығармалары қайшылықты болды делінсе де, там-тұмдап болса да айтуға мүмкіндік туса, ал тоталитарлық жүйе отарлау саясатын сынауға, әшкерелеуге үзілді-кесілді тиым салған кездерде (мысалы, 50- жылдардың басында) Дулат бірыңғай «кертартпа ақын» деп саналды. Қазақстан Россияға өз еркімен қосылды деген қағиданы желеу еткен кезде хандық билік, бұрынғы ел билеу тәртібі, патриархалдық-феодалдық өмір салты ескірген деген тұжырым жасалды. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер тарихи қажеттілікпен, халықтың қалауымен емес, отарлау саясатының мүддесіне сәйкес жүзеге асырылғаны мүлде ескерілмеді.

Дулат және басқа сыншыл ақындардың ел өміріне кіріп жатқан кейбір жаңалық нышандарын (сауда-саттық, егіншілік, т.б.) жатсынып, жатырқап қарағаны оларды қазақ елінің қалыптасқан өмір-салтын күрт өзгертіп, ақ патшаның үстемдігін арттыру мақсатына орай сырттан әкеліп, күшпен кіргізіліп отыр деп түйсінгендігінен болса керек.

Дулат қалайда халықтың өзіндік салт-дәстүрлерін, ұлттық рухын, әділдік, елдік, ерлік, адамгершілік туралы ұғым-түсініктерін бұзбай сақтап қалу қажет екенін білді.

Би мен бектің сәні жоқ
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса.
Батырлықтың сәні жоқ
Елірген тұлпар ерттеліп,
Толғаулы найза қолға алып,
Тұйғын құстай толғанып,
Сары садақ асынып,
Егескен жауды қашырып,
Ұлын қорып жауынан,
Ереулеген егер дауынан
Тұтамдап оқ жонбаса.

Дулаттың осы сөздерінен-ақ оның өзімен тетелес жалынды ақын Махамбетпен үндес шығатынын аңғарамыз. Әрине, Махамбет те Дулат секілді, ешкімге ұқсамайтын қайталанбас тұлға. Оның үздік дарыны да, өлең-жырларындағы күрескерлік сарын да бөлекше. Алайда, кең сахараның екі өңірінде өмір кешкен осы екі ақынның ел қамын ойлап, шиыршық атып толғанған жыр-толғауларындағы әлеуметтік әуен, ұлттық идеяның үндес келетіні кездейсоқ нәрсе емес. Дулаттың да, Махамбеттің де өзіндік өмір жолы бөлек болса да, олардың ашынған ащы сынға толы, от-жалынды поэзиясын туғызған заман, қоғамдық-тарихи жағдай бір болатын. Түптеп келгенде, осы ұлы ақындардың сыншылдығы да, шыншылдығы да халық мүддесін жақтаудан туған еркіндігін аңсаған елінің арман-мұратының, қысым-зорлыққа наразылығының поэзиядағы айқын көрінісі болды.

Еркіндігі шектелген, азайған халықтың елдігі, бірлігі де кемітінін, берекелі бола алмайтынын Дулат терең түсінді. Ақынның:

Елдігің кетіп, ыдырап,
Білгені өсек, сыбырлап,
Алтын жығаң сөгіліп,
Абыройың төгіліп,
Бәріңнің де жақсы еді
Жоқ болғаның мұнан да, —

деп налитыны сондықтан.

Ел басына туған мұндай қиын жағдай кең сахарада еркін өмір кешкен көшпелі халықтың қамсыздығынан, бейқамдығынан да болды деген ойын Дулат бүкпелемей тура айтады:

Күн батысқа көз салмай,
Күн шығысты еске алмай,
Бізді алатын жау жоқ деп,
Бізден мықты дәу жоқ деп,
Алды-артыңды байқамай,
Маған не бар дескенсің, —

дейді ақын.

Ал енді елдің билігі өз қолынан кете бастағанда қазақты басқаратын болыс-билер патшаның ұлық-оязына бағынышты болып, не ісінде, не сөзінде береке жоқ бишаралық күй кешкенін қатты сынап-мінейді:

Елін сатып шен алған,
Өлкеден жем алған.
Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе үңілген,
Күшігеннен кем емес
Шенділердің қылығы.
Елге істеген былығы,
Парақор би мен ұлығы
Ұйықтасам, кіріп түсіме,
Азғын елдің ішінде
Дулат сынды сорлыда
Ұйқы, тыныштық болды ма?

Шен-шекпенге құмартқан ел билеушілердің дәрменсіздігі халықтың соры болды деп ашынады:

Бай малына сүйеніп,
Нашарға түсті салмағы.
Иен далаңды шаңдады,
Еліңді езіп қанады,
Сырғалыңа сұқтанды,
Жеріне орнап нықтанды.

Тағы бірде:

Сауыр жерден айырылып,
Қазақ елі жұқарды.
Сауыр емес, шап болды,
Заманға сай адамы.
Қу заманда сұм басшы
Сорымызға тап болды, —

дейді.

Дулаттың өлең-жырларындағы осындай ең түйінді, өте маңызды ой-толғамдар, идеялар тек оның поэзиясына тән емес, сол дәуірдегі қазақ поэзиясын түгелдей алғанда, көктей өтіп жатқан желілі, арналы, ауқымды сарындар. Осы әлеуметтік мәні зор қоғамдық мәселелер төңірегінде әр ақын өзінің дүниетанымы, ақындық дарыны, шешендік-шеберлігі жеткен деңгейде заман жайын өзінше толғайды.

Дулатты кертартпа ақын еді деп, өлең-жырларынан кемшілік табуға мәжбүр болғандар да оның поэзиясында зарығу, торығуы күшті, ел басына түскен ауыртпалықты асырып айтқан дегенді алға тартса да, ақындық шеберлігіне шек келтіре алған жоқ. Дулат қазақтың маңдайалды ақындарының бірі екенін сөз танитын адам жоққа шығара алмайтыны талассыз еді. Абайдың алдындағы қазақ ақындарының ішінде Дулат пен Махамбетке иықтас келетіні өте сирек.

Осы орайда Дулат пен Абайдың арасындағы дәстүр жалғастығы жайында жиі тілге тиек етіліп жүрген мәселеге аз ғана тоқтала кетсек дейміз.

Алдымен атап айтатынымыз — қай ақын болсын халық даналығынан сусындайды, сөз байлығы өнерпаздық үлгісінен нәрленеді. Абайдың жаңашылдығын айту үшін оны бұрынғы ақындардан алшақтатып әкету, тіпті оларға қарама-қарсы қою дұрыс емес.

Абайдың алдындағы ақындардан Дулат, Шортанбай, Мұратты айрықша бөліп айтуға болады. Әрине, олармен ғана шектелу мағынасында емес. Ірі тұлғаларды толығырақ қамтып айту қиын болғандықтан және осы ақындар Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің басты бағыт-бағдарларын таныта алады дегендіктен. Сонда Дулат, Шортанбай, Мұратты Абайға жақын, тікелей жалғас заманның, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындар ретінде атаймыз. Осы ақындардың бұл ерекшелігі бұрын да талай айтылды, бірақ көбінесе олар ескі дәуірді көксеген, кертартпа ақындар еді деген тұрғыдан қарап, біржақты бағалауға, қате пікірлерге орын беріліп келді. Егер осы біржақтылықтан арылсақ, олардың әлеуметтік сыншылдығын толық, әділ бағалауға жол ашылады. Сонда олардың творчествосында әлеуметтік сарын Абай поэзиясымен үндес екені өзінен өзі-ақ айқындала түседі. Мұхтар Әуезов «Абай» романы аталып, 1942 жылы басылған кейінгі төрт томдық эпопеяның бірінші кітабында жас Абайға үлкен әсер еткен ақын ретінде Дулатты, әрине, жайдан жай ала салмаған. (Кейінірек айтылған сын пікірлерге орай Дулатты ол ойдан шығарылған Барлас деген атпен ауыстырды). Бір жағынан Дулаттың ұлғайған кезінде Құнанбай аулына келіп, жас Абайды көруі шынында да мүмкін екенін ескерсе, екінші жағынан Абай поэзиясынан Дулаттың ақындық өнегесіне жақындық сипаттар да табуға болатынын ескерген.

Сан-салалы бұлақтар, өзендер келіп бір жерге құйылмаса, Абай поэзиясы секілді үлкен теңіз де пайда бола алмайтыны анық.

Абайдың өзі кейбір ақындарды сынайтыны басқалармен өнер өлшесу, өзінің поэзиядағы ұстаған бағытын, әкелген жаңалығын терең түсіну мақсатынан туғаны хақ. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген сөзінен біз Абай өз творчествосының жаңашылдық сипатына айрықша мән бергенін аңғарамыз.

Ал өзінен бұрынғы ақындарды сынағанына келсек, атын атап, анықтап айтатыны тек Бұқар, Шортанбай, Дулат қана.

Шортанбай, Дулат пенен
Бұқар жырау,
Өлеңі бірі — жамау,
бірі — құрау.
Әттең, дуние-ай,
сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-
ақ көрініп тұр-ау!

Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңіндегі осы сөздері әр жерде әр саққа жүгіртіліп, айтылып келді. Бұқар, Дулат, Шортанбайды бай-феодалдардың санашылы болған кертартпа ақындар деп қараған біржақты, жаңсақ көзқарас орын алған жылдарда Абайдың осы сөздерінде ол ақындарды түгелдей жоққа шығару бар деп түсіндіруге ұмтылу бой көрсетті. Ал, шынында, Абай өзі атаған ақындарға идеологиялық тұрғыдан баға берген деп санауға ешқандай негіз жоқ. Ендеше, Абайдың сыны оларға поэзияда қолданылған әдіс-тәсілдерге, нақтылап айтсақ, өлең-жырларда бұрыннан қалыптасқан нақыл сөздерді, дайын сөз үлгілерін жиі қолданушылыққа қатысты болса керек. Жамау, құрақ деп отырғаны осы мағынада айтылған деп түсіну қисынды. Сондықтан Абайдың өзін осы ақындарға мүлде қарама-қарсы қойып бағалауда да ешқандай негіз жоқ. Абайдың анау-мынау ақындармен өнер өлшеспейтіні айқын емес пе? Осы ақындарды көпшілік таныған, жақсы білетін болған соң айтып отыр ғой. Шортанбай мен Дулат өмір сүрген заманы жағынан Абайға жақынырақ тұр десек, Бұқар басқа заманның өкілі ғой. Өзінің маңайындағы жүздеген ақындарды ауызға алмай, әлдеқайда алыс тұрған Бұқар, Дулат, Шортанбайды таңдауы тегін емес. Олардың есімін, сөздерін көпшілік білетіндіктен және таласуға, сын айтуға толымды деп санағаны анық емес пе?

Олардың өнерін мойындамаса несіне таласады?

Қазақтың жайы белгілі,
Өлеңі өңкей құрама, —

дегенді Шәкәрім де айтқан ғой. Осы «құрама» деп айтқаны не десек, тағы бір өлеңінде:

Ауылым қонды Нұраға,
Мінген атым сұр ала.
Керексіз сөзбен бұрала,
Қазақ сүйтпей тұра ма? —

деп нақтылап айтып береді. Ауылының қонған жерін, мінген атын, қолына ұстаған қамшысын, тағы сондайларды өлеңдегі негізгі ой-пікірге қатысы жоқ болса да, сөз қосарлап айтып отыру, әсіресе, қара өлеңде жиі кездесетінін Шоқан Уәлиханов та, кейінірек Мұхтар Әуезов те байқаған. Бірақ бұл — көбінесе қатардағы өлеңшілердің, ауыл арасындағы жыршы, ақындардың әдеті. Абай айтып отырған Бұқар, Шортанбай, Дулат секілді майталман жүйрік ақындар туралы мұны айту қиын. Сондықтан оларға қатысты айтылған сөзде қазақтың ауызша поэзиясында толғау, термелерде бұрыннан келе жатқан дайын нақыл сөздерді еркін, өзінше қолдану дәстүрін мегзеген болар деуге келеді.

Абайдың болыстың кескін-кейпін, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін суреттеуі қазақ поэзиясына үлкен жаңалық әкелгенін айта отырып, алдындағы ақындармен жалғастығы да бұл тұста анық байқалатынын атап кеткен жөн. Осы өлеңдердегі сыншылдығы, сықақшылдығы жағынан алғанда Абайдың, әсіресе, Дулатпен үндес шығатын тұстары жоқ емес. Ел билеушілерді сынап-шенеу — Дулат поэзиясындағы күшті сарынның бірі.

Дулат ел билеушіні бетпе-бет келіп те әшкерелей мінездейді:

Тістеуік айғыр секілді
Үйіріңді сұйылтып,
Тай-құнанды қуғансың,
Ел билерлік ісің жоқ,
Дегдар емес, будансың.
Будан дейтін себебім:
Айналаңды торисың,
Түзден тоя тілемей,
Өлексені қорисың,
Алдыңа келсе жүгініс,
Теріс оң деп жорисың.
Қолбала құс секілді
Биялайға қарайсың.
Не тұлғама тұтқа боп,
Не керекке жарайсың?
Ішің — аяз ақ қырау,
Сыртың сұлу сарайсың.

Тағы бірде сырттай мысқылдап сипаттайды:

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады-ай,
Өзі елді қорқытып,
Онан өзі қорқады-ай!

Ел пысығының Абай айтқан ұлықтың алдында құрдай жорғалайтын жарамсақтығын Дулат та тап басып, дәл көрсеткенін аңғарамыз. Дулаттың:

Қайырсыз-сарań малыңды,
Еріншек есек жарыңды,
Халыққа емес сыйымды
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіршін бегіңді
Улы тілмен улаттым,
Сана беріп ойына.
Қуат беріп бойына,
Аққан жасы сел болған,
Етегі толы көл болған,
Беріш боп шері байланған,
Ұйқы беріп қайғы алған
Қайғылыны уаттым, —

деген сөздеріне көңіл қойсақ, ақынның сыншылдық пенен адамгершілікті, әділеттілікті жақтауды тамырлас, бір-бірімен терең байланысты санағанын көреміз.

Абай поэзиясы мен Дулат секілді дарынды, кемел ақынның өлең-жырларындағы үндестік туралы айтқанда жекелеген ұқсастыққа ғана назар аудару, әрине, жеткіліксіз. Абай да, Дулат та өнерпаздық тұлғасы мүлде өзгеше суреткер десек те, олардың өмір сүрген ортасы, заманы жалғас, жақын, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез-құлқын бейнелеп көрсетуінде де ұқсастық, сабақтастық бар.

Алдындағы ақындардың өлең-жырларында, поэма-дастандарында сыншылдық дәстүр ерекше күшті болғандықтан да Абай заман жайы, ел тағдыры, өмірді шыншылдықпен бейнелеу әдіс-тәсілдерін жан-жақты жетілдіріп, жаңаша қалыптастырып, ұлттық поэзияны бүкіл әлемдік деңгейге көтере алды.

Абайдың даналығы Дулат секілді кемел ақынның бойын биіктете түспесе, кішірейтпейді. Еліміздің егемендікке қолы жеткен бүгінгі заманда Дулаттың тұғыры биік зор тұлғасы толық бағасын алатын кез туды. Қанша жылдар өтсе де, рухымен бізге жақын елдік пен еркіндіктің жаршысы Дулат ақын!

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрдің директоры Ермек Әбілтаевқа жары

Рысхан ШӘУШИЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.